

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2021 жылғы 15 қыркүйектегі № ДС-262 сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің тұтыну кооперативтері арқылы тұрғын үй сатып алуға қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің (бұдан әрі – ТҚК) қызметін реттеу мақсатында 2019 жылы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңға (бұдан әрі – Заң) тиісті түзетулер енгізілді, оған сәйкес азаматтар көпшәтерлі тұрғын үйлердің құрылысын ТҚК арқылы ғана өз бетінше жүзеге асыра алады.

Осы норманы іске асыру үшін Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – ИИДМ) кооперативтер қызметін ұйымдастыру қағидаларын және оларға қатысу шартының үлгілік нысанын, сондай-ақ кооперативтердің үлгілік жарғысын (ИИДМ-нің 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 180 бұйрығы) бекітілген, онда ТҚК қызметіне байланысты қатынастар айқындалған.

Бүгінгі таңда Әділет министрлігінің ақпаратына сәйкес республика бойынша 5010 тұтыну кооперативі тіркелген, оның ішінде 614 тұрғын үй-құрылыс кооперативтері бар.

Үлестік құрылысқа және кооперативтерге қатысты мониторингті жетілдіру мақсатында ИИДМ Бас прокуратурамен, Қаржы мониторингі агенттігімен (бұдан әрі – ҚМА) және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, үстіміздегі жылдың басынан бірқатар отырыстар өткізді, олардың қорытындылары бойынша үлестік құрылыс және кооперативтер мәселелері бойынша жол картасы әзірленді (мемлекеттік органдардан келісу рәсімінен өтіп жатыр).

Жол картасы шеңберінде тұрғын үй салу мақсатында кооперативтердің қаражатты заңсыз тартуын анықтау жөніндегі іс-шаралар көзделген.

Осы жұмысқа ҚМА тартылып, ол ТҚК ақша операцияларының мониторингін жүзеге асыруды жоспарлап отыр және өз құзыреті шегінде тиісті тексеруді жүзеге асыру үшін мәліметтерді ИИДМ-ге және жергілікті атқарушы органдарға беретін болады.

Бұдан басқа, ИИДМ ТҚК қызметіне жеке талдау жүргізеді, оның қорытындысы бойынша қаражатты заңсыз тарту белгілері бар кооперативтер тізбесін жасайды және тиісті шаралар қабылдау үшін Бас прокуратураға жібереді. Тұрғын үй құрылысын аяқтаған ТҚК қызметін тоқтату бойынша жұмыс қосымша күшейтілетін болады.

ИИДМ ТҚК-ны тиісті бақылауды үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган екенін атап көрсетеміз.

Сонымен қатар, кооперативтер арқылы тұрғын үй сатып алу үшін ақшалай қаражат салу қаупі туралы азаматтардың хабардарлығын арттыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Осылайша, «Qazaqstan», «Хабар», «Хабар 24» телеарналарында *«Финансовые пирамиды в РК: схемы мошенников становятся более изощренными»*, *«Қаржы пирамидалары қармап кеткен қаржы қайтарылмайды»* атты сюжеттер көрсетіледі.

«Казахстанская правда», «Литер», «Кең jyло», «Zań jáne biz», «Oral óńiri», «Приуралье» және т.б республикалық және өңірлік газеттере *«Пирамиды ждуд жертв Схемы мошеннических операций по отъему денег у граждан все более изощренны»*, *«Как потребительские кооперативы превращаются в пирамиды и что заставляет людей вкладывать деньги в сомнительные предприятия?»*, *«Абайлаңыз! Қаржылық пирамида!»*, *«Сақ болыңыз... алаяқтар»* және т.б мақалалар жарияланды.

Сондай-ақ «Inform.kz», «Stan.kz», «Tengrinews.kz», «Kazakhstan Today», «Aikyn.kz», «Baq.kz» және т.б интернет-ресурстарда *«Финансовые пирамиды маскируются под «жилищных помощников»*, *«Какие криминальные схемы используют мошенники на рынке жилья в Казахстане»*, *«Жилищные потребительские кооперативы в Казахстане сравнили с финпирамидами»*, *«На какие жилищные кооперативы заведены уголовные дела в Казахстане»* атты мақалалар жарияланды.

Жалпы, тұтыну кооперативтері арқылы тұрғын үй сатып алуға қатысты мәселелері Үкіметтің бақылауында.

Р. Скляр